

**«БІРЫҢҒАЙ ЖИНАҚТАУШЫ
ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫ»
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ**

**Жарналардың белгіленген мөлшерімен зейнетакы
схемасы**

**2014 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл
үшін қаржылық есептілік**

Тәуелсіз аудиторлардың есебі

«БІРЫҢГАЙ ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

ЖАРНАЛАРДЫҢ БЕЛГІЛЕНГЕН МӨЛШЕРІМЕН ЗЕЙНЕТАҚЫ СХЕМАСЫ

Мазмұны

Беті

**2014 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШИН
ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІҢ ДАЙЫНДАЛУЫ МЕН БЕКІТІЛУІ ҮШИН
ЖАУАПКЕРШІЛІК ТУРАЛЫ БАСШЫЛЫҚТЫҢ РАСТАУЫ**

2-3

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАРДЫҢ ЕСЕБІ

**2014 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН
ЖЫЛ ҮШИН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК**

4

Жиынтық кіріс туралы есеп

Таза зейнетақы активтеріндегі өзгерістер туралы есеп

5

Таза зейнетақы активтері туралы есеп

6

Ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы есеп

7

Қаржылық есептілікке ескертулер

8-36



«БІРЫҢГАЙ ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

ЖАРНАЛАРДЫҢ БЕЛГІЛЕНГЕН МӨЛШЕРІМЕН ЗЕЙНЕТАҚЫ СХЕМАСЫ

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІҢ ДАЙЫНДАЛУЫ МЕН БЕКІТІЛУІ ҮШИН ЖАУАПКЕРШІЛІК ТУРАЛЫ БАСШЫЛЫҚТЫҢ РАСТАУЫ

Тәуелсіз аудиторлар есебінің 2-3 беттеріндегі аудиторлардың міндеттерін сипаттау арқылы бірлесе отырып қаралуы тиіс төмендегі көрсетілген растау «Бірыңгай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының (бұдан әрі - БЖЗҚ, Қор) жарналардың белгіленген мөлшерімен зейнетақы схемасының қаржылық есептілігіне қатысты тәуелсіз аудиторлар мен басшылықтың жауапкершілігін шектеу мақсатында жасалған.

Қор басшылығы 2014 жылғы 26 ақпандағы енгізілген өзгерістер мен толықтырулар есебімен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 26 шілдедегі № 195 қаулысымен бекітілген "Зейнетақы активтері бойынша операциялар туралы ақпаратты есепке алу және жария ету" қаржылық есептілік стандартына (бұдан әрі - "Зейнетақы активтері бойынша операциялар туралы ақпаратты есепке алу және жария ету" ҚР ҰБ ҚЕС) және Халықаралық Қаржылық Есептіліктиң Стандарттарына (бұдан әрі - ХҚЕС) сәйкес, осы күнге аяқталған, жыл ішіндегі ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы және таза зейнетақы активтеріндегі өзгерістер туралы, жиынтық табыс туралы сәйкесті есептер, 2014 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша таза зейнетақы активтер туралы есебі кіретін 2014 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша жарналардың белгіленген мөлшерімен зейнетақы схемасының (бұдан әрі - Схема) қаржылық есептілігін дайындауға жауап береді.

Схеманың қаржылық есептілігін дайындау кезінде Қор басшылығы::

- бухгалтерлік есептің тиісті қағидаттарын тандау және оларды бірізді қолданылуына;
- дәйекті бағалар мен есептердің қолданылуына;
- "Зейнетақы активтері бойынша операциялар туралы ақпаратты есепке алу және жария ету" ҚР ҰБ ҚЕС және ХҚЕС талаптарының сақталуына; және
- Қор өз қызметін жақын болашақта жалғастыра береді дегенге сүйене отырып, қаржылық есептіліктің дайындалуына жауапты болады.

Басшылық мыналар үшін де жауапты:

- Қорда тиімді және сенімді ішкі бақылау жүйесін әзірлеу, ендіру және қызмет етуін, қамтамасыз ету;
- қаржылық есептіліктің "Зейнетақы активтері бойынша операциялар туралы ақпаратты есепке алу және жария ету" ҚР ҰБ ҚЕС және ХҚЕС талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етуге және Қордың қаржылық жағдайы туралы ақпаратты жеткілікті деңгейдегі дәлдікпен дайындауға кез-келген сәтте мүмкіндік беретін бухгалтерлік есеп жүйесін қолдау;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бухгалтерлік есеп жүргізу;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды қамтамасыз ету үшін шараларды қабылдау; және
- алайқтық фактілерді, қателіктерді және басқа да теріс пайдалануларды анықтау және алдын алу.

2014 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылға арналған осы Схеманың қаржылық есептілігі Қор басшылығымен 2015 жылы 13 ақпанда бекітілді.

Қор басшылығы атынан:

Медеушеева Д.Т.
Басқарма Төраиымы



Куатова А.Ш.
Бас бухгалтер

2015 жылғы 13 ақпан
Алматы қ.

050036, Республика Казахстан
г. Алматы, мкрн. Мамыр-4, д. 14

Тел +7 727 380 01 82
+7 727 380 02 95
Факс +7 727 380 01 57

Email office@uhy-kz.com
Web www.uhy-kz.com

14, Mamyr-4, Almaty
050036, Republic of Kazakhstan

Tel +7 727 380 01 82
+7 727 380 02 95
Fax +7 727 380 01 57

Email office@uhy-kz.com
Web www.uhy-kz.com



Тәуелсіз Аудитор Есебі

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетакы қоры» акционерлік қоғамының Акционері және Директорлар Кеңесіне

Біз 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша таза зейнетакы активтері туралы есеп, осы күнге аяқталған жыл үшін ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы есеп және таза зейнетакы активтеріндегі өзгерістер туралы есеп, жиынтық табыс туралы сәйкесті есептер кіретін, сонымен қатар есеп саясатының негізгі ережелерін және басқа да түсіндірме ескертпелерін қысқаша сипаттаудан тұратын «Бірыңғай жинақтаушы зейнетакы қоры» акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Қор) ұсынылған жарналардың мөлшері белгіленген зейнетакы схемасының қаржылық есебіне аудит жүргіздік.

Басшылықтың қаржылық есептілікке жауапкершілігі

Қор басшылығы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 26 шілдедегі № 195 қаулысымен бекітілген "Зейнетакы активтері бойынша операциялар туралы ақпаратты есепке алу және жария ету" қаржылық есептіліктің стандарты және Халықаралық қаржылық есептіліктің стандарттарына сәйкес әзірленген қаржылық есептілікті дайындау, сонымен қатар Қор басшылығы алайқың немесе қателіктерден туындаған нақты бұрмалаушылықтары жок қаржылық есептілікті дайындауға қажетті деп санайтын орын алатын, ішкі бақылау жүйесін қамтамасыз ету үшін жауап береді.

Аудитордың жауапкершілігі

Біздің жауапкершілігіміз өзіміз жүргізген аудиттің негізінде көрсетілген қаржылық есептілік бойынша пікірді білдіру болып табылады. Біз аудитті Аудиттің Халықаралық Стандарттарына сәйкес жүргіздік. Бұл стандарттар бізден, қолданылатын этикалық нормалардың сақталуын, сондай-ақ аралық қаржылық есептілікте елеулі ауытқулардың жоқтығына жеткілікті сенімде болу үшін аудитті жоспарлауды және еткізуі талап етеді.

Аудитке осы қаржылық есептіліктері сомаларды растайтын және оларды ашып көрсететін аудиторлық дәлелдерді алуға қажетті рәсімдерді еткізу кіреді. Таңдалған рәсімдер көрсетілген қаржылық есептіліктері алайқытың немесе қателіктердің салдарынан орын алатын елеулі ауытқулардың қаупін бағалауды қосқанда аудитор пікіріне тәуелді. Мұндай қауіптерді бағалау барысында жағдайларға сай аудиторлық рәсімді өндеу мақсатымен, бірақ Қордың ішкі басқару жүйесінің тиімділігі туралы пікірді білдіру мақсатында емес, аудитор өзінің қаржылық есептілігінде Қорды шынайы ұсынумен және дайындаумен байланысты ішкі бақылау жүйесін қарастырады. Аудитке сонымен қатар қолданылатын есеп саясатының тиімділігін бағалау және Қор басшылығымен жасалған есептік бағалаулардың негізделуін, сондай-ақ қаржылық есептіліктің жалпы түсінігін бағалау кіреді.

Тәуелсіз аудиорлар есебі
2 бет

Біз алынған аудиторлық дәлелдерді аудиторлық пікіріміздің негізін қалыптастыру үшін тиісті және жеткілікті деп ойлаймыз.

Pікір

Біздің пікірімізше, қаржылық есептілік 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдайы бойынша «Бірыңғай жинақтаушы зейнетакы қоры» акционерлік қоғамының белгіленген жарналар мөлшерімен зейнетакы схемасының қаржылық жағдайын, сонымен қатар Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 26 шілдедегі № 195 қаулысымен бекітілген "Зейнетакы активтері бойынша операциялар туралы ақпаратты есепке алу және жария ету" қаржылық есептіліктің стандартына және Халықаралық қаржылық есептіліктің стандарттарына сәйкес көрсетілген күнге аяқталған жыл үшін ақшалай қаражаттың қозғалысы мен таза зейнетакы активтеріндегі өзгерістерді, , барлық аспектілерде шынайы көрсетеді.

«UHY SAPA Consulting» ЖШС Бас Директоры,
Аудитор:
1997 жылғы 02 мамырдағы
№ 0318 біліктілік куәлігі

Топ басшысы:

Жетекші маман:

T.E.Нұргазиев

Е.И.Ганжа

С.К.Антонова

Күні 2015 жылдың «13» ақпана.

ҚР, Алматы қ., Мамыр-4 ы-а, 14-үй.

«БІРЫНГАЙ ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

ЖАРНАЛАРДЫҢ БЕЛГІЛЕНГЕН МӨЛШЕРІМЕН ЗЕЙНЕТАҚЫ СХЕМАСЫ

**2014 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН
ЖЫЛ ҮШИН ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ЕСЕП**

<i>Мың тенге есебінде</i>	<i>Ескерту</i>	<i>2014 жылы 31 желтоқсанда аяқталған жыл</i>	<i>2013 жылы 31 желтоқсанда аяқталған жыл</i>
Пайыздық кіріс	4	247,703,647	40,896,138
Қаржылық құралдар бойынша таза пайда/(шығын)	5	(165,405,652)	-
Өндірілетін қаржылық құралдар бойынша таза пайда/(шығын)	5	(3,270,622)	5,143
Қымбат металлдармен операциялар бойынша таза(шығын)/пайда	6	803,634	(17,946,409)
Дивидендер бойынша кіріс	7	11,960,312	1,087,338
Сатуға қолда бар бағалы қағаздар бойынша таза пайда/(шығын)		-	(2,989,011)
Шетел валютасымен операция бойынша таза пайда/(шығын)	8	43,903,161	3,301,371
Міндетті зейнетакы жарналарын уақытылы аудармағаны үшін өсімпұл		906,032	263,189
активтердің және басқа резервтердің құнсыздануынан резервті қалпына келтіру/(калыптастыру)	9	74,447,741	(1,525,111)
Өзге кірістер/түсімдер		242,376	3,344
Комиссиялық шығыстар	10	(26,423,162)	(4,906,243)
Жыл ішіндегі табыс		184,867,467	18,189,749
Өзге жиынтық шығын			
Қолда бар сатуға арналған инвестицияларды қайта бағалау бойынша резерв:			
- Сатуға қолда бар инвестицияның әділ құнының таза өзгеруі	5	-	(1,466,474)
- Кезең ішінде жүзеге асырылған, сатуға қолда бар инвестициялар бойынша қайта жіктеу		-	2,989,011
Жыл ішіндегі өзге жиынтық шығын			1,522,537
Жыл ішіндегі барлық жиынтық кіріс		184,867,467	19,712,286

Қор басшылығы атынан:



Куатова А.Ш.
Бас бухгалтер

2015 жылғы 13 ақпан
Алматы қ.



«БІРЫҢГАЙ ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

ЖАРНАЛАРДЫҢ БЕЛГІЛЕНГЕН МӨЛШЕРІМЕН ЗЕЙНЕТАҚЫ СХЕМАСЫ

**2014 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ УШИНТАЗА ЗЕЙНЕТАҚЫ
АКТИВТЕРІНДЕГІ ӨЗГЕРИСТЕР ТУРАЛЫ ЕСЕП**

<u>Мың теңге есебінде</u>	<u>Ескерту</u>	<u>2014 жылы 31 желтоқсанда аяқталған жыл</u>	<u>2013 жылы 31 желтоқсанда аяқталған жыл</u>
Пайыздық кіріс	4	247,703,647	40,896,138
Қаржылық құралдар бойынша таза пайда/(шығын)	5	(165,405,652)	-
Туынды қаржы құралдар бойынша таза пайда/(шығын)	5	(3,270,622)	5,143
Қымбат металлдармен операциялар бойынша таза пайда	6	803,634	(17,946,409)
Дивидендер бойынша кіріс	7	11,960,312	1,087,338
Шетел валютасымен операция бойынша таза пайда/(шығын)	8	43,903,161	3,301,371
Міндетті зейнетакы жарналарын уақытылы аудармаганы үшін есімпүл		906,032	263,189
Активтердің және басқа резервтердің құнсыздануынан резервті қалпына келтіру/(қалыптастыру)	9	74,447,741 252,837	(1,525,111) 3,344
Өзге кірістер/түсімдер	10	(26,423,162)	(4,906,243)
Комиссиялық шығындар		184,877,928	21,178,760
Салымшылардың жарнасы		596,614,165	130,858,175
Басқа қорлардан түскен зейнетакы жинақтары	11	2,553,360,674	543,324,606
Зейнетакы жинақтарының төлемдері	12	(74,769,416)	(20,506,172)
Салық зейнетакы жинақтары төлемдерінің көзінде		(4,667,100)	(1,149,070)
Сатуға қолда бар инвестициялар бойынша таза шығын	5	-	(1,466,474)
Басқа қорларға зейнетакы жинақтарын аудару		-	(17,697,408)
Сактандыру үйимдарына зейнетакы жинақтарын аудару		(13,599,071)	(3,174,580)
		3,056,939,252	630,189,077
Таза зейнетакы активтердегі өзгерістер		3,241,817,180	651,367,837
Жыл басындағы таза зейнетакы активтері		1,276,006,173	624,638,336
Жыл соңындағы таза зейнетакы активтері		4,517,823,353	1,276,006,173

Қор басшылығы атынан:



Куатова А.Ш.
Бас бухгалтер

2015 жылды 13 ақпан
Алматы қ.



«БІРЫҢГАЙ ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

ЖАРНАЛАРДЫҢ БЕЛГІЛЕНГЕН МӨЛШЕРІМЕН ЗЕЙНЕТАҚЫ СХЕМАСЫ

**2014 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША
ТАЗА ЗЕЙНЕТАҚЫ АКТИВТЕРІ ТУРАЛЫ ЕСЕП**

Мың тәңгеге есебінде	Ескерту- лер	2014 жылдың 31 желтоқсаны	2013 жылдың 31 желтоқсаны
АКТИВТЕР:			
Ақша қаражаттары мен оның баламалары	13	154,652,273	19,669,414
Банктердегі мерзімді салымдар	14	710,198,535	139,940,537
«Көрі РЕПО» келісімдері бойынша берілген несиелер	15	53,391,027	11,308,655
Әділ құн бойынша бағалы қағаздар / Сатуға қолда бар инвестициялар	16	320,316,548	788,069,121
Амортизацияланған құн бойынша бағаланатын бағалы қағаздар/ Өтеуге дейін үстап қалатын инвестициялар	17	3,266,622,155	257,777,155
Қымбат металлдар		-	57,844,131
Өзге активтер	18	18,882,127	2,607,820
Активтер жиыны		4,524,062,665	1,277,216,833
МІНДЕТТЕМЕЛЕР:			
Комиссия бойынша кредиторлық берешек		1,668,995	1,087,225
Зейнетакы төлемдерінен жеке табыс салығы бойынша кредиторлық берешек		-	110,866
Тұынды қаржы құралдары		4,500,372	-
Басқа міндеттемелер		69,945	12,569
Міндеттемелер жиыны		6,239,312	1,210,660
Таза зейнетакы активтері		4,517,823,353	1,276,006,173

Көр басшылығы атынан:



Медеушевая Д.Т.
Басқарма Гөрайымы

2015 жылғы 13 ақпан
Алматы қ.

Куатова А.Ш.
Бас бухгалтер

2015 жылғы 13 ақпан
Алматы қ.



«БІРЫНГАЙ ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

ЖАРНАЛАРДЫҢ БЕЛГІЛЕНГЕН МӨЛШЕРІМЕН ЗЕЙНЕТАҚЫ СХЕМАСЫ

**2014 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШИН
АҚША ҚАРАЖАТТАРЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП**

Мың тәңгеге есебінде	Ескертулер	2014 жылы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2013 жылы 31 желтоқсанда аяқталған жыл
Операциялық қызметтөн түскен ақша қаражаттарының қозғалысы:			
Таза зейнетакы активтердегі өзгерістер			
Түзетулер:			
Пайыздық кіріс	(247,703,647)	(40,896,138)	
Дивидендтер бойынша кіріс	(11,960,312)	(1,087,338)	
Резервті активтердің құнсыздандынунаң қалпына келтіру/(калыптастыру)	(74,447,741)	1,525,111	
Сатуға қолда бар инвестициялар/әділ құны бойынша бағаланатын бағалы қағаздар бойынша іске асырылмаған таза шығын	(121,577,506)	(1,466,474)	
Операциялық қызметтөн түскен таза ақша қаражаттары	2,786,127,974		609,442,998
Операциялық активтердегі және міндеттемелердегі өзгерістер			
Операциялық активтердің (көбеюі)/азаоы:			
Басқа активтер	(16,274,307)	144,074	
Операциялық міндеттемелердің көбеюі/(азаоы):			
Комиссия бойынша кретиторлық берешек	581 770	872,136	
Жеке табыс салығы бойынша кредиторлық берешек	(110,866)	110,866	
Өзге міндеттемелер	57,376	2,867	
Операциялық қызметтердің және міндеттемелердің өзгерісінен ақша қаражаттарының түсімі/(жылдыстауы)	(15,746,027)	1,129,943	
Операциялық қызметтөн түскен ақша қаражаттарының таза түсімі	2,770,381,947		610,572,941
Инвестициялық қызметтөн түскен ақша қаражаттарының қозғалысы:			
Банктердегі мерзімді салымдардардың көбеюі/(азаоы)	(541,221,029)	(14,695,864)	
Қымбат металлдардың көбеюі/(азаоы)	57,844,131	(5,970,330)	
«Кері РЕПО» келісімдерімен берілген несиeler бойынша көбеюі/(азаоы)	(38,868,703)	(5,907,206)	
Сатуға қолда бар инвестициялар/әділ құны бойынша бағаланатын бағалы қағаздардың көбеюі/(азаоы)	1,745,358,065	(196,834,232)	
Альянс дивидендтер	11,960,312	1,087,338	
Амортизацияланған құны/өтеуге дейін ұстап қалатын инвестициялар бойынша бағаланатын бағалы қағаздардың көбеюі/(азаоы)	(3,902,692,127)	(372,301,829)	
Комиссиялық сыйакы бойынша талаптардың көбеюі/(азаоы)	-	397,711	
Туынды активтердің көбеюі/(азаоы)	4,500,372	-	
Өзге активтердің көбеюі/(азаоы)	27,719,891	(1,563,836)	
Инвестициялық қызметтегі ақша қаражаттарының таза жылдыстауы:	(2,635,399,088)		(595,788,248)
Ақша қаражаттары мен оның баламаларының таза көбеюі/(азаоы)	134,982,859		14,784,693
Есептік кезеңнің басындағы ақша қаражаттары мен оның баламалары	19,669,414		4,884,721
Есептік кезең соңындағы ақша қаражаттары мен оның баламалары	13		
	154,652,273	19,669,414	

Қор басшылығы атынан:



Медеушев Дағын
Басқарма Төртаймы
2015 жылдың 13 ақпан
Алматы қ.

Куатова А.Ш.
Бас бухгалтер
2015 жылдың 13 ақпан
Алматы қ.



1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ

«Бірыңгай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамымен басқарылатын 2014 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін зейнетақы схемасының қаржылық есептілігі 2015 жылдың 13 ақпанында шыгарылымына бекітілді.

«Бірыңгай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамымен басқарылатын зейнетақы схемасының қызметі Қазақстан Республикасының зейнетақы заңнамасымен реттеледі. Схеманың қызметі зейнетақы жарналарын топтау және зейнетақы төлемдерін жүргізу болып табылады.

Схеманың зейнетақы активтері комиссиялық сыйақыдан басқа, зейнетақы жарналарының, инвестициялық табыстан, өсімпұл және шығындарды өтеуден түскен қаражат есебінен қалыптасады.

«Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 маусымдағы № 105-V ҚРЗ Заңына (бұдан әрі - зейнетақымен қамсыздандыру туралы зан) сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі Қордың жалғыз акционері болып табылады. «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» РММ (бұдан әрі – Кастодиан банк) схеманың қаржылық күралдары мен қаражатынсақтау және есепке алуды іске асырады.

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» РММ (бұдан әрі – Сенімгерлік басқарушы) зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды іске асырады. Сенімгерлік басқару зейнетақы активтерін басқару Схеманың зейнетақы активтерін басқару бойынша кеңестің ұсынысымен зейнетақы активтерін хеджирлеу және әртаратандыру шарттары, зейнетақы активтеріне қатысты инвестициялық қызметтің шарттары мен шектеулөрі, стратегиялары, мақсаттары, инвестиациялау объектілерінің тізімі анықталатын БЖЗҚ инвестициялық декларациясы бойынша іске асады. Кеңестің жеке құрамы Қазақстан Республикасының Президентімен бекітіледі.

Міндетті зейнетақы жарналары заңнамамен орнатылған лимит шегінде қызметкердің ай сайынғы кірісінің 10 пайызы мөлшерінде өз қызметкерлерінің пайдасы үшін жұмыс берушімен жүзеге асырылады. Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары қызметкердің ай сайынғы кірісінің 5 пайызы мөлшерінде жұмыстар, жұмыскерлер кәсібі, салалар тізімінде көзделген мамандықтар, зиянды (ерекше зиянды) еңбек жағдайларымен жұмыс жасайтын қызметкерлердің пайдасы үшін жұмыс берушінің қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңмен анықталған жағдайлар туындаса салымшы (алушы) жеке зейнетақы шотындағы жинақталған зейнетақы қаражаты сомасы шегінде зейнетақы төлемдерін алуға құқығы бар.

Салымшы (алушы) Қазақстан Республикасының шегінен тыс тұрақты тұруға кеткен жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жинақталған зейнетақы қаражатының толық сомасын алуға құқылы.

Салымшы (алушы) қайтыс болған жағдайда, оның мұрагері Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен салымшының (алушының) жинақталған зейнетақы қаражатын алуға құқылы.

Салымшы зейнетақымен қамсыздандыру туралы Заңына сәйкес белгілі жасқа толған соң, ол өз қалауы бойынша Қазақстан Республикасының зейнетақы заңнамасында белгіленген тәртіппен кесте бойынша схемадан зейнетақы жинақтарын алуға немесе зейнетақы аннуитеті шарты негізінде, сақтандыру үйіміна жинақталған зейнетақы қаражатын аудара алады.

Әр салымшыда (алушыда) ұсталатын комиссиялық сыйақыны есептемегендеге зейнетақы активтерін басқарудан бөлінетін инвестициялық кірісі және салымшының (алушының) зейнетақы жарналарының сомасы есептелетін жеке зейнетақы шоты бар.

Инвестициялық кірісті есептеу тәртібі және ұсталатын комиссиялық сыйақы мөлшері Қазақстан Республикасының зейнетақы заңнамасына сәйкес регламенттеледі.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төраймының 2013 жылғы 24 қыркүйектегі № 356 бүйріғымен бекітілген Бірыңгай жинақтаушы зейнетақы қорына зейнетақымен қамсыздандыру шарттары бойынша жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтері мен туралы қабылдау-өткізу графигіне сәйкес 2014 жылы «Астана ЖЗҚ» АҚ, «МұнайГаз-Дем» АҚ, «Грантум ЖЗҚ» АҚ, «Ұлар Үміт ЖЗҚ» АҚ және «Қазақстан Халық Банкінің ЖЗҚ» АҚ зейнетақы активтері мен міндеттемелері қабылданды және барлық жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттары бойынша зейнетақы активтері мен міндеттемелерін өткізу аяқталды (11-ескертпе).



2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУДЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАРЫ

Бухгалтерлік есеп қағидаттарына сәйкестігі

Ұсынылған қаржылық есептілік «Зейнетақы активтері бойынша операциялар туралы ақпаратты есепке алу және жария ету» ҚР ҰБ ҚЕС, Халықаралық қаржылық есептіліктің стандарттары жөніндегі Комитет (ХҚЕСК) шығарған ХҚЕС және халықаралық қаржылық есептіліктің стандарттарын интерпретациялау жөніндегі комитет (ХҚЕСИК) шығарған Интерпретацияларға және, сәйкес дайындалды.

Схеманың қаржылық есептілігі қаржылық есептіліктің жеке субъектісі ретінде схеманың жиынтық қаржылық жағдайын көрсетеді. Осы қаржылық есептілік схеманың таза зейнетақы активтерін және жыл үшін таза зейнетақы активтеріндегі өзгерістерді көрсетеді.

Құнды анықтау базасы

Қаржылық есептілік әділ құнмен көрсетілген сатуға қолда бар инвестициялар және пайда немесе шығын арқылы әділ құнмен бағаланатын қаржылық құралдарды қоспағанда, бастапқы құн бойынша есепке алу қағидатына сәйкес дайындалған.

Функционалдық валюта және есептілікті ұсыну валютасы

Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы теңге (бұдан әрі - теңге) болып табылады. Қор басшылығы теңге схеманың операциялары мен оқигалардың экономикалық мәнін көрсететіндіктен функционалдық валюта ретінде анықтады. Сондай-ақ теңге осы қаржылық есептілікті көрсету мақсаттары үшін пайдаланатын есептілік валютасы болып табылады.

Теңгемен көрсетілген барлық қаржылық ақпарат мыңға дейін жуықталған.

Кәсіби пайымдаулар, есептік бағалар мен жорамалдарды пайдалану

Басшылық «Зейнетақы активтері бойынша операциялар туралы ақпаратты есепке алу және жария ету» ҚР ҰБ ҚЕС және ХҚЕС талаптарына сәйкес осы қаржылық есептілікті дайындау кезінде шартты активтер мен міндеттемелерді жария етуге және активтер мен міндеттемелерді көрсетуге қатысты бірқатар бағалар мен ұсыныстарды пайдаланды. Нақты нәтижелер осы бағалардан өзгеше болуы мүмкін.

Бағалардың айырмашылығы резервті құнсызданудан қалыптастыру және қаржылық құралдардың әділ құнның анықтаумен байланысты нақты нәтижелермен көбірек байланысқан.

Жорамалдар және олардың негізінде жасалған есептік бағалар олардың өзгерісінің қажеттілігіне байланысты үнемі талданады Есептік бағадағы өзгерістер бұл бағалар қайта қаралған есептік кезеңде және көрсетілген өзгерістерде қаралған кейінгі барлық кезеңдерде танылады.



3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРИ

Осы қаржылық есептілікті дайындауда келесі есеп саясатының негізгі ережелері қолданылды. Берілген ережелер тізбектей қолданылды.

Шетелдік валютадағы операциялар

Шетелдік валютадағы операциялар осы операциялар жүзеге асырылған күндердегі айырбастау бағамы бойынша сәйкес функционалдық валютага қайта есептеледі. Таза зейнетақы активтері туралы есепті дайындау күніне көрсетілген шетел валютасынағы монетарлық активтер мен міндеттемелер осы күнге қолданылатын айырбастау бағамы бойынша функционалдық валютага қайта есептеледі. Қайта есептеу кезінде туындағы бағамдық айырмашылықтар таза зейнетақы активтеріндегі өзгерістер туралы есепте танылады.

Қаржылық есептілікті дайындау барысында схемада қолданылған 2014 және 2013 жылдардың 31 желтоқсана айырбастау бағамдары келесідей болды:

	2014 жылдың 31 желтоқсаны	2013 жылдың 31 желтоқсаны
тенге/1 АҚШ доллары	182.35	154.06
тенге/1 ресей рублі	3.13	4.68

Ақша қаражаттары және олардың баламалары

Ақша қаражаттары және олардың баламалары Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі кастодиандық шотындағы ақша қаражаттары кіреді.

Қаржылық құралдар

Классификация

Банктердегі мерзімді салымдар және дебиторлық берешек

Банктердегі мерзімді салымдар және дебиторлық берешек белсенді қолданыстағы нарықта нарықтық баға белгілеулері жоқ белгілі төлемдері немесе тіркелген төлемдері бар өнімсіз қаржылық активтер болып мыналарды қоспағанда саналады:

- Схема дерене немесе жақын арада сатуға ниет білдірсе;
- Барапқы тану кезінде Схема өзгерістері мерзім ішіндегі табыс немесе шығын құрамында көрсетілген әділ бағамен бағаланатын категорияға анықтайды;
- Барапқы тану кезінде Схема қолда бар сатуға арналған категорияға анықтайды; не
- Схема активтің құнсыздануынан басқа себептерге байланысты барапқы барлық жүргізілген инвестицияларды қалпына келтіре алмайды

«Кері РЕПО» келісімі бойынша берілген несиeler

Кері сату міндеттемесімен сатып алу туралы келісім шеңберінде сатып алынған бағалы қағаздар (бұдан әрі - кері РЕПО мәмілелері) «Кері РЕПО» келісімдері бойынша берілген несиeler» бабында көрінеді. Сатып алу бағасы мен кері сату бағасы арасындағы айырмашылық пайыздық кірісті білдіреді және «кері РЕПО» мәмілесінің кезеңі үшін есептеледі.

«Зейнетақы активтері бойынша операциялар туралы ақпаратты есепке алу және жария ету» КР ХБ ҚЕС сәйкес қаржылық активтер схемасынан көзінен санаттар бойынша жіктеледі:

- 1) амортизациялық құны бойынша бағаланатын;
- 2) әділ құн бойынша бағаланатын.



Қаржылық құралдар (жалғасы)

Тану

Қаржылық активтер мен міндеттемелер мәні болып табылатын мен Схема шарттық қарым-қатынасқа түскенде көрсетілген қаржылық құралдар таза зейнетақы активтері туралы есепте беріледі. Қаржылық активтерді сатып алуудың стандартты барлық жағдайлары қаржылық есептілікте мәміле жасалған күні көрсетіледі.

Бағалау

Амортизацияланған құн бойынша бағаланатын бағалы қағаздар бастапқы тануда осы қаржылық активті шығарумен немесе алумен байланысты мәміле бойынша шығынды есептегендеге операция бағасы болып табылатын әділ баға бойынша бағаланады.

Әділ құн бойынша бағаланатын бағалы қағаздар бастапқы тануда осы қаржылық активті шығарумен немесе алумен байланысты мәміле бойынша шығынды есептегендеге операция бағасы болып табылатын әділ баға бойынша бағаланады.

Бастапқы танудан кейін активтер болып табылатын туынды қаржы құралдарын қосқанда қаржы активтері сату шешіміне немесе басқа шығысқа жеткізілетін мәміле бойынша қандай да бір шығынды есептегендеге әділ құн бойынша бағаланады, мыналардан басқа:

- Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдану арқылы амортизацияланған құн бойынша бағаланатын банктердегі мерзімді салымдар және дебиторлық берешек;
- Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдану арқылы амортизацияланған құн бойынша бағаланатын өтеге дейін ұсталатын инвестициялар; және
- Әділ бағалануын толық сеніммен анықтауға болмайтын және белсенді қолданыстағы нарықта нарықтық баға белгілеулері жоқ үlestік құралдардағы инвестициялар. Бұл құралдар нақты шығындар бойынша қаржылық есептілікте көрсетіледі.

Барлық қаржылық міндеттемелер өзгерістері мерзім ішіндегі табыс немесе шығын құрамында берілетін әділ құн бойынша бағаланатын қаржылық міндеттемелерді және тануды тоқтату өлшеміне жауап бермейтін қаржылық актив аударымы пайда болатын қаржылық міндеттемелерді қоспағанда амортизацияланған құн бойынша бағаланады. Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдану арқылы амортизацияланған құн анықталады. Сыйлықақылар мен женілдіктер берілген құралдың тиімді пайыздық мөлшерлемесінен амортизацияланады, сонымен қатар тиісті құралдың баланстық құнына келісім бойынша шығын сомасы қосылады.

Егер қолжетімді нарықтық мәліметтерге негізделген бағалау бастапқы тану сомасына қатысты актив немесе міндеттеменің әділ құнының ұлғаюын немесе азаюын көрсететін немесе пайда не шығын мұндай ұлғаю/төмендеуден дереу пайда немесе шығын құрамында танылады

Егер бастапқы табыс немесе бастапқы шығын өлшемі қолжетімді нарықтық мәліметтермен ғана бағаланбаса, онда мұндай кіріс не шығынның өлшемі келер мерзімдердің табысы не шығын құрамына мойындалады немесе осы активтің немесе міндеттеменің шығу кезінде немесе қолжетімді нарықтық мәліметтер пайда болған кезінде танылады немесе активтің немесе міндеттеменің мерзімі ішінде тандалған әдіске сәйкес амортизацияланады.



Қаржылық құралдар (жалғасы)

Әділ құны бойынша бағалау қагидаты

Белсенді қолданыстағы нарықта нарықтық баға белгілеулері жоқ қаржылық құралдардың әділ бағасы және бағалы қағаздардың ағымдағы бағасы келесідей анықталады:

- 21.04.2014 жылға дейін 2013 жылы 26 шілдедегі № 186 Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының бекітілген қаулысымен зейнетақы активтерін бағалау және есепке алуды жүргізу қагидасына сәйкес;
- 21.04.2014 жылдан бастап 2014 жылы 16 шілдедегі № 110 «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының қаулыға өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» өзгерістермен 2014 жылы 26 ақпандағы №24 Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының бекітілген қаулысымен зейнетақы активтерін бағалау және есепке алуды жүргізу қагидасына сәйкес (бұдан әрі - тәртіп),

Басқарма берілген Қағидалар ҚЕХС сәйкес әділ құнды анықтау үшін ең жақсы көрсеткіш деп есептейді.

Келесі бағалауда туындастын пайда мен шығындар

Мерзімдегі кіріс немесе шығын құрамында көрсетілетін өзгерістері әділ құн бойынша бағаланатын топқа жіктелетін қаржылық құрал бойынша кіріс немесе шығын таза зейнетақы активтердегі өзгерістер туралы есепте көрсетіледі. Әділ құн бойынша бағаланатын қаржылық құралдар пайызы мерзімдегі таза зейнетақы активтеріндегі өзгерістер туралы есепте көрсетіледі және тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдану арқылы есептеледі.

Амортизацияланған құн бойынша қаржылық активтер мен міндеттемелер бойынша пайда немесе шығын, қаржылық активтің немесе міндеттемені тануды тоқтату немесе құнсыздану жағдайында, сондай-ақ сәйкесті амортизацияның есептеу үдерісінде көрсетіледі.

Тануды тоқтату

Қаржылық активін иелену құқығынан шығатын барлық тәуекелдер мен пайдаларды Схема аударған кезде немесе қаржылық актив бойынша ақша қаражаттарын алу құқығының тәртібі тоқтатылған кезде қаржылық активті тану тоқтатылады. Аудару кезінде құрылған немесе сақталған кез келген құқықтар немесе міндеттемелер активтер немесе міндеттемелер түрінде бөлек көрсетіледі. Қаржылық міндеттемені тану ол орындалған кезде тоқтатылады. Схема сондай-ақ, өндіру үшін үмітсіз болып танылған активтерге қатысты қалдықтар есептен шығарылған жағдайда белгілі бір активтерді тануды тоқтатады.

Активтер мен міндеттемелердің өзара есебі

Қаржылық активтер мен міндеттемелер өзара есепке алынады және таза сомасы егер екі жақтың нетто-негізінде есептеу үшін немесе активті іске асыру үшін және бір мезгілде міндеттемені өтеу үшін танылған сомаларды есептеу үшін құқықтық негіз бар болса таза зейнетақы активтер туралы есепте көрсетіледі

Құнсыздану

Қаржылық активтер

Тест Қағидага сәйкес қаржылық активтердің құнсыздануына (бағаны қысқарту) жүзеге асырылады.

Қаржылық актив егер осы активтен болашақ ақша қаражаттар ағынынан күтілетін өлшемге бір немесе бірнеше жағдайлар теріс әсер ету туралы объективті дәлелдер бар болса құнсызданған деп есептеледі.



Құнсыздану (жалғасы)

Амортизациялық құны бойынша бағаланатын қаржылық активтер үшін құнсызданудан болған шығын сомасы активтің тепе-тең құны мен сыйақының бастапқы тиімді мөлшерлемесі бойынша дисконтталған күтілетін болашақ ақша қаражаттар ағындарының келтірілген құны арасындағы айырмасы ретінде есептеледі.

Әділ құн бойынша қаралатын инвестициялар үшін құнсызданудан болған шығын осы активтің әділ құны негізінде есептеледі.

Әрбір қаржылық активтің мәнді болып табылатын өлшемі құнсыздануға бөлек тексеріледі. Қалған қаржылық активтер кредиттік тәуекелдің ұқсас сипаттамалары бар активтер топтарының құрамының жиынтығында құнсыздануға тексеріледі. Құнсызданудан болған барлық шығындар таза зейнетақы активтеріндегі өзгерістер туралы есепте танылады.

Құнсызданудан болған шығынға алынып тасталған сома егер құнсызданудан болған шығынды танығаннан кейін болған қандай да бір жағдайға құнсызданудан болған шығын төмендеуін объективті түрде жатқызуға болса қалпына келеді. Қалпына келетін сомалар таза зейнетақы активтері өзгерістері туралы есепте танылады.

Қаржылық емес активтер

Кейінге қалдырылған салықтардан өзге басқа қаржылық емес активтер құнсызданудың мүмкін белгілерін анықтау үшін әрбір есепті қүнге талданады. Қаржылық емес активтердің өтелетін сомасы екі өлшемнің үлкені болып табылады: осы активтің қолданудағы құндылығы мен сатуға шығындары шегерілген әділ құны. Пайдалану құндылығын есепке алу кезінде күтілетін ақша қаражаттары ағындары активке тән тәуекелдердің және уақыттың өтуімен қаражат бағасының өзгерісіне ағымдағы нарықтық бағаның ықпалын көрсететін салық салуға дейін есептеу мөлшерін қолданумен берілген бағаларына дейін есептеледі. Басқа активтерінің есебінен қалыптастырылған ақша қаражаттарынан көп дәрежеде тәуелсіз ақша қаражаттар ағындары қалыптастырмайтын актив үшін өтелетін сома активке тиесілі қалыптастырылатын ақша қаражаттары актив немесе актив тобы бойынша анықталады. Құнсызданудан болған шығын ақша қаражаттарын қалыптастыратын активтің немесе актив топтарының қалпына келтірілгенбалансы құны оның өтелетін құнынан артық болған кезде танылады.

Қаржылық емес активтердің құнсыздануынан болған барлық шығындары өтелетін құнын анықтау үшін пайдаланылатын бағалауда өзгеріс болған жағдайдаға қалпына келтіріледі және таза зейнетақы активтеріндегі өзгерістер туралы есепте көрсетіледі. Активтің құнсыздануынан болған кез келген шығын қалыпқа келтірілген активтің балансы құны құнсызданудан болған шығын танылмаганда соған сәйкес балансы құнынан (амортизацияны және тозуды қоспағанда) аспайтын мөлшерде қалпына келтіріле алады.

Бағалы металдар

Қағидага сәйкес бағалы металдар белсенді нарықта белгіленетін бағалар негізінде анықталатын қайта бағалау күніне әділ құны болып табылатын қайта бағаланған құны бойынша таза зейнетақы активтері туралы есепте көрсетіледі. Қайта бағалаудан нәтиже таза зейнетақы активтеріндегі өзгерістер туралы есепте танылады. Бұл қағидалар нарықтың барлық қатысушыларымен қолданылады.

Кірістер мен шығыстарды тану

Пайыздық кірістер тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін арқылы таза зейнетақы активтеріндегі өзгерістер туралы есепте танылады.

Кезең үшін пайда немесе шығын құрамында көрсетілетін өзгерістердің әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралдары бойынша есептелген жөнілдіктер мен сыйлықақы пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралдары бойынша операциялардан шегерілген шығындардан табыстар құрамында танылады, сәйкесінше.



Салық салу

Схемаға табыс салығы салынбайды.

Комиссиялық шығыстар

Комиссиялық шығыстар қызмет көрсету мерзімі ішінде есептеу әдісі бойынша танылады. Комиссиялық шығыстарды есептеу тәртібі 10 Ескертуде толығырақ ашылған.

Салымшылар жарнасы, зейнетақы аударымдары мен жинақтаушы зейнетақы төлемдері

Зейнетақы жарналары және басқа қорлардан түсken зейнетақы жинақтарының аударымдары Схеманың кастодиан шотына жарналар және аударымдар түсken кезде есепке алынады. зейнетақы жинақтарының төлемдері және басқа қорларға зейнетақы жинақтарының аударымдары зейнетақы заңнамасына сәйкес салымшының талабы бойынша зейнетақы жинақтарын төлеу немесе аудару бойынша міндеттемелер Схемада туындаған кезде көрінеді.

4. ПАЙЫЗДЫҚ КІРІС

<i>Мың теңге есебінде</i>	<i>2014 жылы 31 желтоқсанда аяқталған, жыл</i>	<i>2013 жылы 31 желтоқсанда аяқталған, жыл</i>
Әділ құны бойынша бағаланатын бағалы қағаздар/ Сатуға қолда бар инвестициялар	105,474,844	22,052,917
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын бағалы қағаздар/ Өтеуге дейін ұсталатын инвестициялар	109,978,165	10,051,729
Банктердегі мерзімді салымдар	29,036,969	8,191,323
«Кері РЕПО» келісімі бойынша берілген несиелер	3,213,669	600,169
	247,703,647	40,896,138

5. ҚАРЖЫЛЫҚ ҚҰРАЛДАР БОЙЫНША ТАЗА ПАЙДА/ШЫҒЫН

<i>Мың теңге есебінде</i>	<i>2014 жыл</i>		<i>2013 жыл</i>	
	<i>Әділ құны бойынша бағаланатын бағалы қағаздар</i>	<i>Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын бағалы қағаздар</i>	<i>Сатуға қолда бар инвестициялар</i>	<i>Өтеуге дейін қолда бар инвестициялар</i>
Үлестік құралдар	(47,130,006)	-	1,744,459	-
борышты құралдар	(144,869,725)	26,594,079	(3,210,933)	-
Туынды құралдар	(3,270,622)	-	5,143	-
	(195,270,353)	26,594,079	(1,461,331)	-

2014 жылғы 16 шілдедегі №111 ҚР Үлттық банкінің Қаулысына және Қағидаға сәйкес аудиторлық «КПМГ Такс энд Эдвайзори» ЖШС аудиторлық компаниясымен зейнетақы активтерін қайта бағалау жүргізілді.

6. БАҒАЛЫ МЕТАЛДАРМЕН ОПЕРАЦИЯЛАР БОЙЫНША ТАЗА ПАЙДА

<i>Мың теңге есебінде</i>	<i>2014 жылы 31 желтоқсанда аяқталған, жыл</i>	<i>2013 жылы 31 желтоқсанда аяқталған, жыл</i>
Іске асырылмаған пайда /қайта бағалаудан (шығын)	3,294,158	(18,007,600)
Іске асырылған пайда /(шығын)	(2,490,524)	61,191
	803,634	(17,946,409)



7. ДИВИДЕНДТЕР БОЙЫНША КІРІС

<i>Мың тенге есебінде</i>	2014 жылы 31 желтоқсанда аяқталған, жыл	2013 жылы 31 желтоқсанда аяқталған, жыл
«КазМұнайГаз Барлау Өндіру» АҚ депозитарлық қолхаттары	3,048,539	52,978
«Ксэлл» АҚ депозитарлық қолхаттары	2,717,849	309,729
«Газпром» АҚ депозитарлық қолхаттары	118,783	-
«Сбербанк Россиии» ААҚ депозитарлық қолхаттары	99,790	49,862
«Қазақстан Халық Банкі» АҚ депозитарлық қолхаттары	78,515	-
Orange депозитарлық қолхаттары	24,638	-
«Нор.Никель» ГМК ААҚ депозитарлық қолхаттары	23,310	-
«Банк ВТБ» ЕА АҚ депозитарлық қолхаттары	21,020	1,979
China Mobil депозитарлық қолхаттары	5,614	-
Posco депозитарлық қолхаттары	2,779	-
Newmont Mining Corp депозитарлық қолхаттары	2,163	-
Vale de Rio Doce Sa депозитарлық қолхаттары	1,290	-
«Қазақстан Халық Банкі» АҚ артықшылықты акциялары	1,480,206	265,992
«Цеснабанк» АҚ артықшылықты акциялары	202,059	-
«Нұрбанк» АҚ артықшылықты акциялары	120,398	98,545
«Real-Invest» АҚ артықшылықты акциялары	92,000	-
«Атамекен-Агро» АҚ артықшылықты акциялары	71,086	-
«Эксимбанк» АҚ артықшылықты акциялары	54,659	-
«Темірбанк» АҚ артықшылықты акциялары	47,488	-
«Қазақтелеком» АҚ артықшылықты акциялары	43,321	-
«ҚазМұнайГаз Барлау Өндіру» АҚ артықшылықты акциялары	14,362	-
«Казкоммерцбанк» АҚ артықшылықты акциялары	13,747	1,778
«Банк ЦентрКредит» АҚ артықшылықты акциялары	4	-
«SAT&Company» АҚ артықшылықты акциялары	-	30,589
«Альянс Банк» АҚ артықшылықты акциялары	-	200
«Қазақстан Халық Банкі» АҚ жай акциялары	1,205,953	-
«Казтрансойл» АҚ жай акциялары	1,018,486	79,183
«Ксэлл» АҚ жай акциялары	719,779	-
«ҚазМұнайГаз Барлау Өндіру» АҚ жай акциялары	241,469	-
«Қазақтелеком» АҚ жай акциялары	240,840	4,026
«Маңғыстау таратушы Электржелілік компания» АҚ жай акциялары	58,021	2,985
«Темірбанк» АҚ жай акциялары	47,014	-
Rio Tinto Plc жай акциялары	42,580	31,421
«Баян Сұлу» АҚ жай акциялары	34,694	-
McmoranCopper жай акциялары	33,298	53,707
Deutschebank AG жай акциялары	30,438	18,338
BARRICK GOLD CORP жай акциялары	2,101	16
«Caterpillar Inc» АҚ жай акциялары	2,019	-
DeutscheTelecom жай акциялары	-	72,010
«Цеснабанк» АҚ жай акциялары	-	14,000
	11,960,312	1,087,338



8. ШЕТ ЕЛДІК ВАЛЮТАМЕН ОПЕРАЦИЯ БОЙЫНША ТАЗА КІРІС/(ШЫҒЫН)

Мың теңге есебінде	2014 жылы 31 желтоқсанда аяқталған, жыл	2013 жылы 31 желтоқсанда аяқталған, жыл
Қаржылық активтер мен міндеттемелерді қайта бағалаудан табыс/(шығын)	21,286,845	1,998,960
Бағалы металды қайта бағалаудан табыс/(шығын)	13,750,471	1,071,702
Спот мәмілелерінен табыс/(шығын)	8,865,845	230,709
	43,903,161	3,301,371

9. ҚҰНСЫЗДАНУҒА РЕЗЕРВ ЖӘНЕ ӨЗГЕ РЕЗЕРВТЕР

Мың теңге есебінде	Әділ құны бойынша бағаланатын бағалы қағаздар/ Сатуға қолда бар инвестициялар	Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын құнды қағаздар/ Өтеуге дейін ұсталатын инвестициялар	Басқа активтер	Барлығы
2012 жыл 31 желтоқсан	1,438,528	-	1,946,164	3,384,692
Резервтерді қалыптастыру	(38,725)	-	1,563,836	1,525,111
Қайта жіктеуге байланысты аударымдар	(159,400)	-	159,400	-
Басқа жинақтаушы зейнетакы корларынан зейнетакы активтері мен міндеттемелерді аударудың әсері	2,546,575	56,486	2,619,948	5,223,009
2013 жыл 31 желтоқсан	3,786,978	56,486	6,289,348	10,132,812
Резервтерді қалыптастыру	11,022,278	1,285,529	3,096,403	15,404,210
Резервтерді қалыпқа келтіру	(57,687,205)	(1,348,452)	(30,816,294)	(89,851,951)
Қосылу әсері	44,074,553	6,437	23,424,050	67,505,040
Қайта жіктеуге байланысты аударымдар	(548,194)	-	548,194	-
2014 жыл 31 желтоқсан	648,410	-	2,541,701	3,190,111

10. КОМИССИЯЛЫҚ ШЫҒЫСТАР

Мың теңге есебінде	2014 жылы 31 желтоқсанда аяқталған, жыл	2013 жылы 31 желтоқсанда аяқталған, жыл
Инвестициялық табыстан комиссиялық шығыстар	17,183,584	2,324,201
Зейнетакы активтерінен комиссиялық шығыстар	9,239,578	2,582,042
	26,423,162	4,906,243

Зейнетакымен қамсыздандыру туралы заңына сәйкес БЖЭК комиссиялық сыйақының шамасынекте белгіленеді :

- 1) Инвестициялық табыстан 7,5 пайыздан жоғары емес;
- 2) айлық зейнетакы активтерінен 0,025 пайызынан жоғары емес.

Инвестициялық табыстан комиссиялық сыйақыны есептеу, есепке алу және аудару үшін Схеманың зейнетакы активтерінен комиссиялық сыйақыны есептеу үшін пайдаланылатын Схеманың зейнетакы активтерінің ағымдағы құны айдың қорытындылары бойынша есептелген Схеманың зейнетакы активтерінен инвестициялық табыс пайдаланылады.



10. КОМИССИЯЛЫҚ ШЫҒЫСТАР (жалғасы)

Схеманың зейнетакы активтерінен комиссиялық сыйақыны есептеу, есепке алу және аудару үшін зейнетакы активтерінің ағымдағы құны анықталатын қорытындысы бойынша айлық зейнетакы активтері Схемадан есептелген инвестициялық табысты есепке алмай, комиссиялық сыйақыны есепке алу және есептеу жүріп жатқан, өткен айдағы, айдың бірінші күні басындағы жағдай бойынша зейнетакы активтерінің ағымдағы құны қолданылады.

Зейнетакы активтері мен инвестициялық кірістен комиссиялық табыстар Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі және Қордың уәкілетті өкілдері қол қойған, салыстыру актісі негізінде Қордың ағымдағы шотына Схеманың инвестициялық шотынан аударуға жатады.

11. БАСҚА ҚОРЛАРДАН ТҮСКЕН ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫ

2014 жылы өткізілетін зейнетакы реформасына сәйкес мынадай жинақтаушы зейнетакы қорларынан зейнетакы жинақтары түсті:

Мың теңге есебінде	2014 жылы 31 желтоқсанда аяқталған, жыл	2013 жылы 31 желтоқсанда аяқталған, жыл
«Республика» ЖЗҚ» АҚ	-	82,736,583
«Отан» АЖЗҚ» АҚ	-	90,243,951
«Капитал» ЖЗҚ» АҚ	-	208,136,176
«Атамекен» ЖЗҚ» АҚ	-	101,291,295
«Астана» ЖЗҚ» АҚ	272,556,216	-
«Нефтегаз-Дем» ЖЗҚ» АҚ	161,564,927	-
«Грантум» ЖЗҚ» АҚ	352,212,731	-
«ҰларYміт» ЖЗҚ» АҚ	444,104,733	-
«Қазақстан Халық Банкі» ЖЗҚ	1,322,920,824	-
Басқа аударымдар	1,243	60,916,601
	2,553,360,674	543,324,606

12. ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫНЫң ТӨЛЕМДЕРІ

Мың теңге есебінде	2014 жылы 31 желтоқсанда аяқталған, жыл	2013 жылы 31 желтоқсанда аяқталған, жыл
Зейнет жасына жеткендегі зейнетакы төлемдері	55,353,085	16,646,730
Мұрагерлерге зейнетакы төлемдері	9,397,585	1,786,025
Қазақстан Республикасынан тыс жерге кетуіне байланысты зейнетакы төлемдері	7,047,319	1,342,603
Жерлеуге арналған зейнетакы төлемдері	2,175,298	473,705
Мүгедектік бойынша зейнетакы төлемдері	796,129	257,109
	74,769,416	20,506,172

13. АҚША ҚАРАЖАТТАРЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ

Мың теңге есебінде	2014 жылы 31 желтоқсан	2013 жылы 31 желтоқсан
Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкіндегі ақша қаражаты	154,652,273	19,669,414
	154,652,273	19,669,414



14. МЕРЗІМДІ САЛЫМДАР

Мың теңге есебінде	2014 жылы 31 желтоқсан	2013 жылы 31 желтоқсан
«Kaspi Bank» АҚ	223,964,667	13,236,747
«АТФ Банк» АҚ	158,542,432	10,302,359
«Сбербанк России» АҚ Еншілес банкі	104,330,384	27,789,072
«Казкоммерцбанк» АҚ	66,847,576	15,899,836
«Еуразиялық банк» АҚ	54,547,887	16,839,774
«Темірбанк» АҚ	41,174,027	-
«Цеснабанк» АҚ	19,122,455	16,983,826
«Банк ЦентрКредит» АҚ	18,142,779	22,933,611
«Банк ВТБ» АҚ ЕБ	8,442,278	7,959,667
«Альфа Банк» АҚ ЕБ	4,216,301	2,057,534
«Delta Bank» АҚ	3,278,667	-
«Банк Хоум Кредит» АҚ ЕБ	2,712,110	2,200,000
«Банк Kassa Nova» АҚ	2,300,000	700,000
«Банк «Bank RBK» АҚ	1,500,000	2,538,111
«Казинвестбанк» АҚ	1,076,972	500,000
	710,198,535	139,940,537

2014 және 2013 жылдардың 31 желтоқсандағы жағдайы бойынша банктердегі мерзімді салымдар, 30,098,035 мың теңге және 9,010,237 мың теңге есептелген сыйақы сомалары сәйкесінше қамтитын.

Банктердегі мерзімі өткен салымдар 2014 және 2013 жылдардың 31 желтоқсандағы жағдайы бойыншаболған жоқ.

15. «КЕРІ РЕПО» КЕЛІСІМДЕРІ БОЙЫНША БЕРІЛГЕН НЕСИЕЛЕР

2014 және 2013 жылдардың 31 желтоқсандағы жағдайы бойынша «Кері РЕПО» келісімдері бойынша талаптардың баланстық құныжәне қамтамасы ету ретінде алынған активтердің әділ құны мыналарды құрады:


Мың теңге есебінде	2014 жылы 31 желтоқсан		2013 жылы 31 желтоқсан	
	Несиенің тепе- тен құны	Қамсыздандыру- дың әділ бағасы	Несиенің тепе- тен құны	Қамсыздандыр- у-дың әділ бағасы
Қазақстан Республикасы қаржыминистрлігінің облигациялары	53,391,027	57,100,083	11,308,655	12,336,837
	53,391,027	57,100,083	11,308,655	12,336,837

2014 жылы 31 желтоқсанына «Кері РЕПО» келісімдері бойынша берілген несиeler бойынша есептелген сыйақылар болмады. 2013 жылы 31 желтоқсанына «Кері РЕПО» келісімдері бойынша берілген несиelerде 8,651 мың теңге сомасында есептелген сыйақылар болды.



16. ӘДЛІ ҚҰНМЕН БАҒАЛАНАТЫН БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР/ САТУҒА ҚОЛДА БАР ИНВЕСТИЦИЯЛАР

Мың теңгемен	2014 жылғы 31 желтоқсан	2013 жылғы 31 желтоқсан
Белгіленген кіріспен борыштық және басқа құралдар		
- Мемлекеттік облигациялар		
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің облигациясы	-	400,057,140
АҚШ казынашылық облигациясы	47,423,335	20,309,479
Алматы қ. Әкімдігінің муниципалды облигациясы	-	5,232,555
Ресей Федерациясы Қаржы министрлігінің Еурооблигациясы	-	1,405,140
Мемлекеттік облигациялар барлығы	47,423,335	427,004,314
- Корпоративтік облигациялар		
«Цеснабанк» АҚ облигациясы	-	20,498,563
«ҚазМұнайГаз» АҚ облигациясы	-	17,221,885
«Ресейдің Сбербанкы» ЕБ облигациясы	-	16,200,277
«Еуразия даму банкі» АҚ облигациясы	-	15,338,822
«Kaspi Bank» АҚ облигациясы	-	15,058,480
«Нұрбанк» АҚ облигациясы	-	13,604,965
«Банк ЦентрКредит» АҚ облигациясы	-	12,713,273
«Қазақстандық ипотекалық компаниясы» АҚ ипотекалық облигациясы	-	11,655,866
